**Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы № 127/17-ІІІ « Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың жол жүру құнын өтеу Қағидасы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы мәслихатының 2010 жылғы 21 сәуірдегі № 350/46-IV Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2010 жылғы 14 мамырда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 627 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 2014 жылғы 29 тамыздағы № 06-1451 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы мәслихатының 29.08.2014 № 06-1451 шешімімен.

Сноска. Утратило силу решением маслихата города Астаны от 11.03.2011 N 441/59-IV

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңның 43, 43-1 баптарына сәйкес Астана қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Астана қаласы мәслихатының 2005 жылғы 29 наурыздағы № 127/17-ІІІ " Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың жол жүру құнын өтеу Қағидасы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2005 жылғы 29 сәуірде № 387 болып тіркелген, 2005 жылғы 19 мамырда № 73 "Вечерняя Астана", 2005 жылғы 24 мамырда № 68 "Астана хабары" газеттерінде жарияланған) шешіміне келесі өзгерістер енгізілсін:

Қазақстан Республикасының "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Заңын деген сөздер "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының кодексі" деген сөздермен ауыстырылсын.

көрсетілген шешіммен бекітілген Дәрігерлік көрсеткіштер бойынша Қазақстан Республикасы шегінде емделуге жіберілетін науқастардың жол жүру құнын өтеу Қағидасында:

кіріспеде "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының заңдарына" деген сөздер алынып тасталсын;

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" деген сөздер Қазақстан Республикасы " Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" кодексі" деген

сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы шешім оны алғашқы ресми жариялаған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Астана қаласы мәслихатының сессия төрағасы Ю. Келигов*

*Астана қаласы мәслихатының хатшысы В. Редкокашин*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК